

## Қаратау қаласындағы "Промышленная" көшесінің атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 345 қаулысы және Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 29-11 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 3684 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратау қаласындағы "Промышленная" көшесі "Арбатас" көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын қадағалау аудандық мәслихаттың тұрғындардың әлеуметтік-құқықтық қорғау және мәдениет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Рашид Мадиевич Сейдалиевке және аудан әкімінің орынбасары Кәдірбек Рысқұлбекұлы Садубаевқа жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Д. Алиев*

*С. Тилеубердиев*

*А. Тулебаев*